

## Атырау қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 28 наурыздағы № 13 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 сәуірде № 3484 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қаласы мәслихатының 5 ақпандағы 2020 жылғы № 473 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қаласы мәслихатының 05.02.2020 № 473 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10-бабына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Атырау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Атырау қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындары мен маршруттары 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Атырау қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер және демонстрациялар өткізудің тәртібі 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Атырау қалалық мәслихатының келесі шешімдері:

1) 2013 жылғы 21 маусымдағы № 125 "Атырау қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 2750 санымен тіркелген, "Атырау" газетінде 2013 жылғы 25 шілдеде жарияланған);

2) 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 229 "Атырау қалалық мәслихатының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 125 "Атырау қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 3058 санымен тіркелген,

"Атырау" газетінде 2015 жылғы 13 қаңтарда жарияланған) күштері жойылды деп танылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау тұрғындарды әлеуметтік мәселелрі, гендерлік және жастар саясаты, заңдылықты сақтау және депутаттық этикасы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (М. Әмірғалиев).

5. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*I сессиясының төрайымы*  
*Қалалық мәслихаты хатшысы*

*Б. Шеркешбаева*  
*Қ. Әзмұханов*

Атырау қалалық мәслихатының 2016  
жылғы 28 наурыздағы № 13 шешіміне 1  
қосымша

## **Атырау қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер өткізу орындары**

**Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - Атырау облысы Атырау қаласы мәслихатының 26.07.2019 № 387 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

№	Елді мекен атауы	Орын
1	Атырау қаласы	Заполярная көшесінде орналасқан "Құрманғазы атындағы мәдениет сарайы" мемлекеттік коммуналды- қазыналық кәсіпорны маңындағы демалыс саябағы
2	Атырау қаласы	Ануарбек Аккулов көшесі, № 29 үйінің алдындағы алаң
3	Атырау қаласы, Еркінқала ауылдық округі, Еркінқала ауылы	Тусипкалиев көшесі, № 11А учаске, Жеңіс бағы
4	Атырау қаласы	Нұрғиса Тілендиев көшесі, "Жеңіс" саябағының алды
5	Атырау қаласы, Дамбы ауылдық округі, Аманкелді ауылы	Аманкелді Иманов көшесі, № 15 үй мекен-жайында орналасқан "Құрманғазы атындағы мәдениет сарайы" мемлекеттік коммуналды- қазыналық кәсіпорнына қарасты Дамбы ауылдық Мәдениет үйі маңындағы алаң

## **Атырау қаласында шерулер мен демонстрациялар өткізу маршруттары**

№	Елді мекен атауы	Орны
1	Атырау қаласы	Азаттық даңғылы және Шоқан Уәлиханов көшесінің қиылысынан бастап Махамбет Өтемісов көшесі және Шоқан Уәлиханов көшесінің қиылысына дейін
2	Атырау қаласы	Стройконтора шағын ауданындағы темір жол өткелінен бастап Зейнолла Қабдолов көшесі, № 1 үй, "АМӨЗ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ғимаратына дейін, Өтешқали Атамбаев көшесінің бойы

Атырау қалалық мәслихатының 2016  
жылғы 28 наурыздағы № 13 шешіміне 2  
қосымша

## **Атырау қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуді қосымша реттеу тәртібі**

1. Бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді немесе демонстрацияларды өткізу кезінде уәкілдер (ұйымдастырушылар), сондай-ақ басқа да қатысушылар қоғамдық тәртіпті сақтауға міндетті.

2. Шараларды ұйымдастырушылар мен оларға қатысушылардың:

- 1) көліктің және жаяу жүргіншілердің қозғалысына бөгет жасауына;
- 2) елді мекеннің инфрақұрылым объектілерінің үздіксіз жұмыс істеуіне кедергі келтіруіне;
- 3) қалалының жергілікті атқарушы органдардың рұқсатынсыз киіз үйлер, шатырлар, өзге де уақытша құрылыстар тұрғызуына;
- 4) шараны өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар өкілдерінің қызметіне кез келген нысанда араласуына;
- 5) жасыл желектерге, шағын сәулет нысандарына залал келтіруіне;
- 6) өзімен бірге суық қаруды, атыс және өзге де қаруды, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы азаматтарға, және заңды тұлғалардың меншігіне материалдық залал келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін арнайы жасалған немесе бейімделген заттарды алып жүруіне;
- 7) алкагольдік және есірткілік масаң күйде қатысуға жол берілмейді.

3. Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер немесе демонстрациялар өткізу орындарында:

- 1) алкогольдік ішімдіктер ішуге, есірткілік заттар пайдалануға, психотроптық заттарды және олардың аналогтарын;
- 2) транспаранттарды, ұрандарды, өзге де материалдарын (визуальды аудио/бейне) пайдалануға, қоғамдық тәртіпті бұзуға, қылмыстар жасауға көпшілік алдында сөйлеуге шақырған, сондай-ақ әлдебір кісінің атына қатысты тіл тигізуге жол берілмейді.

4. Пикеттер өтініште көрсетілген мақсатқа сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген жерде өткізіледі.

5. Пикеттер өткізілген кезде:

- 1) пикет өткізілетін объектіде отыруға, тұруға;
- 2) көрнекілік үгіт құралдарын пайдалануға;
- 3) қысқа ұрандарды айғайлап айтуға, пикет тақырыбы туралы сөздер қозғауға рұқсат беріледі.

6. Пикетті өзге нысанда митингіге, бейбіт жиналысқа, шеруге немесе демонстрацияға жалғастыру үшін заңда белгіленген тәртіп бойынша қаланың жергілікті атқарушы органынан рұқсат алу қажет.

7. Қаланың жергілікті атқарушы органынан бейбіт жиналыс, митингі, шеру, пикет немесе демонстрациялар өткізу үшін бас тартылған жағдайда немесе оны өткізуге тыйым салу туралы шешім қабылданған болса, ұйымдастырушылар тез арада дайындық шараларын болдырмауға ықтимал қатысушыларды тиісті дәрежеде жария етудің шараларын қабылдайды.

Егер бейбіт жиналысты, митингіні, шеруді, пикетті немесе демонстрацияны өткізудің мақсаты Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұсқан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға байланысты болса, сондай-ақ Конституцияның басқа да ережелері, заңдары және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік актілері бұзылса немесе азаматтардың қауіпсіздігіне және қоғамдық тәртіпке қауіп төнсе өткізуге жол берілмейді.

8. Егер өтініш берілмеген болса, тыйым салу туралы шешім шығарылса, өткізу кезінде тәртіп бұзылған жағдайда, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін, қоғамдық тәртіп бұзылатын жағдайда бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар қаланың жергілікті атқарушы орган өкілінің талап етуі бойынша сөзсіз тоқтатылуы тиіс.

9. Қаланың жергілікті атқарушы орган өкілінің талабын орындаудан бас тартылған жағдайда оның нұсқауы бойынша ішкі істер органдары бейбіт жиналысты, митингіні, шеруді, пикетті және демонстрацияны тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолданады.

10. Бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды ұйымдастыру мен өткізудің белгіленген тәртібін бұзған адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

11. Бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды өткізу кезінде оларға қатысушылардың азаматтарға, қоғамдық бірлестіктерге, мемлекетке келтірген материалдық залалы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіп бойынша өтелуге жатады.

12. Бейбіт жиналыс, митинг, шеру, пикет және демонстрация өткізілетін жерде барлық қосымша туындаған шығындарды, соның ішінде қоғамдық тәртіпті сақтау, үй-жайлар беру, санитарлық тазарту, жарық беру және радиоландыруды ұйымдастырушылар өтейді.